

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 22 шешімі 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 45-бабына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссияның Кеңесі **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына және Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 54 шешіміне қосымша) мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасынан кіші қосалқы позиция № 1 қосымшаға сәйкес алып тасталсын;

б) Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына кіші қосалқы позициялар № 2 қосымшаға сәйкес енгізілсін;

в) Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу баждарының мөлшерлемелері № 3 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Еуразиялық экономикалық комиссияның Алқасы Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Мемлекетаралық Кеңесінің (Кеден одағы Жоғары органының) 2009 жылғы 27 қарашадағы № 18 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Кеңесі оларға қатысты кедендік әкелу бажының мөлшерлемесін өзгерту жөнінде шешім қабылдайтын Сезімтал тауарлар тізбесіне өзгерістер енгізу туралы Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес шешімінің жобасын әзірлесін.

Көрсетілген Тізбеге өзгерістер енгізілгенге дейін осы Шешімге № 3 қосымшада көзделген тауарларға қатысты кедендік әкелу баждарының мөлшерлемелерін өзгерту туралы шешімдерді Еуразиялық экономикалық комиссияның Кеңесі қабылдайды.

3. Өтпелі кезең ішінде Армения Республикасы Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2014 жылғы 10 желтоқсандағы № 113 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің мөлшерлемелерінен ерекшеленетін кедендік әкелу баждарының мөлшерлемелерін қолданатын Тауарлар және мөлшерлемелер тізбесіне № 4 қосымшаға сәйкес өзгеріс енгізілсін.

4. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:

--	--	--	--

Армения Республикасынан В. Габриелян	Беларусь Республикасынан В. Матюшевский	Қазақстан Республикасынан Б. Сағынтаев	Ресей Федерациясынан И. Шувалов
--	---	--	------------------------------------

Еуразиялық экономикалық
комиссия Кеңесінің 2015 жылғы
23 сәуірдегі № 21 шешіміне
№ 1 ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасынан алып тасталатын КШП ҚОСАЛҚЫ ПОЗИЦИЯ

СЭҚ ТН коды	Позиция атауы	Қосымша өлшем бірлігі
3920 20 210 0	----	биаксиальді бағдарланғандар

Еуразиялық экономикалық
комиссия Кеңесінің 2015 жылғы
23 сәуірдегі № 21 шешіміне
№ 2 ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына енгізілетін КШП ҚОСАЛҚЫ ПОЗИЦИЯЛАР

СЭҚ ТН коды	Позиция атауы	Қосымша өлшем бірлігі
3920 20 210	----	биаксиальді бағдарланғандар:
3920 20 210 1	-----	электрлік конденсаторларды шығару үшін пленка ⁵⁾
3920 20 210 9	-----	өзгелері

Еуразиялық экономикалық
комиссия Кеңесінің 2015 жылғы
23 сәуірдегі № 21 шешіміне
№ 3 ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу баждарының МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІ

СЭҚ ТН коды	Позиция атауы	кедендік әкелу бажының мөлшерлемесі (кеден құнының пайызымен не еуромен не АҚШ долларымен)

3920 20 210 1	----	электрлік конденсаторларды шығару үшін пленка ⁵⁾	0
3920 20 210 9	----	өзгелері	7,7

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 21 шешіміне № 4 ҚОСЫМША

Өтпелі кезең ішінде Армения Республикасы Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің мөлшерлемелерінен ерекшеленетін кедендік әкелу баждарының мөлшерлемелерін қолданатын Тауарлар және мөлшерлемелер тізбесіне енгізілетін ӨЗГЕРІС

ЕАЭО СЭҚ ТН "3920 20 210 0" коды бар позиция мынадай мазмұндағы позициялармен ауыстырылсын:

СЭҚ ТН коды	Позиция атауы	Кедендік әкелу бажының мөлшерлемесі (кеден құнының пайызымен не еуромен не АҚШ долларымен)*							
		2015 жылға	2016 жылға	2017 жылға	2018 жылға	2019 жылға	2020 жылға	2021 жылға	2022 жылға
3920 20 210 1	---- электрлік конденсаторларды шығару үшін пленка ⁵⁾	0	0	0	2	4	БКТ мөлшерлемесі		
3920 20 210 9	---- өзгелері	0	0	0	2	4	БКТ мөлшерлемесі		